



БҰЙРЫҚ

2023 ж. 30.06

Көкшетау қаласы

ПРИКАЗ

№ 98-эс/к

город Кокшетау

Ақмола облысы білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерін аттестаттау туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №533 өзгерістерімен) сәйкес және облыстық аттестаттау комиссиясының 2023 жылғы 22 маусымдағы шешімі негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Педагог қызметкерлерге тиісті біліктілік санаттары берілсін (расталсын) және а.ж. 1 қыркүйегінен бастап «педагог-модератор», «педагог-сарапшы» және «педагог-зерттеуші» біліктілік санаттары үшін қосымша ақы белгіленсін.

2. Қалалық, аудандық білім бөлімдерінің және облыстық мекемелердің басшылары облыстық аттестаттау комиссиясының шешімі негізінде аттестаттау ережесінің 98-тармағына сәйкес «педагог» санатына төмендетілген және 122-тармағына сәйкес бір деңгейге төмендетілген педагогтер бойынша тиісті шаралар қабылдасын.

3. Мерзімінен бұрын аттестаттауға өтініш білдірген педагог қызметкерлердің қолда бар біліктілік санаты қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау ұйымдастырушылық-бақылау және кадр жұмыстары бөлімінің басшысы А. Жаркеноваға жүктелсін.

Басшы



Ш. Оразалин